

А.Ш. Муталиева,^{1*} Г.К. Шолпанқұлова,¹ К.Р. Калкеева¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПРАКТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік тәжірибенің маңызы ашып көрсетіледі. Әлеуметтік практика әлеуметтік өзара әрекеттестік құзыреттілігін дамыту мақсатында әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар іс-әрекет. Кәсіби іс-әрекетке дайындық үдерісінде болашақ педагог-психолог ретінде студенттердің әлеуметтік тәжірибесін ұйымдастыру және мазмұны жоғары оқу орындарындағы практиканың түрлеріне арналған бағдарламаларымен (оқу-танысу практикасы, психологиялық-педагогикалық практика, педагогикалық практика, өндірістік педагогикалық практика) қамтамасыз етіледі. Зерттеуімізде болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқаратын әлеуметтік практиканы енгізудің қажеттілігі айқындалады. Кәсіби іс-әрекетке дайындау үдерісінде әлеуметтік практика даярлау жүйесіндегі тәжірибенің дербес және нақты түрі; университеттің аудиториядан тыс тәрбиелік іс-әрекетінде студенттің қоғамдық белсенділігін көрсету арқылы бейресми білім беру түрі. Әлеуметтік практиканың түрлеріне (белсенді, кәсіптік-рөлдік, әлеуметтік-жоба) құрамдас бөліктер кіреді: мақсаты, міндеттері, іс-әрекет мазмұны, қалыптасатын құзыреттіліктер мен нәтижелер. Белсенді әлеуметтік практика – бұл әлеуметтік маңызды сипатқа ие бастамашылық іс-әрекет, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысуын қарастырады. Кәсіби-рөлдік әлеуметтік практика – бұл әлеуметтік тәжірибенің берілген түрінің нақты ішкі бағдарламаларына қатысу арқылы болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік-кәсіби қызметін меңгеруге бағытталған іс-әрекет. Зерттеу мақаламыздың негізгі мақсаты болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызын теориялық тұрғыдан негіздеу. Сондықтан әлеуметтік практика болашақ педагог-психологтарды даярлау жүйесіндегі тәжірибенің дербес түрі ретінде, олардың әлеуметтік-білім беру кеңістігіндегі әлеуметтік белсенділігіне негізделген бейресми білім беру түрі ретінде де, соның ішінде жоғары оқу орындарының аудиториядан тыс оқу іс-әрекетінде қарастырылады.

Түйін сөздер: практика, педагогикалық-психологиялық практика, әлеуметтік практика, кәсіби іс-әрекет, кәсіби даярлау, белсенді әлеуметтік практика, кәсіби-рөлдік әлеуметтік практика, әлеуметтік жоба практикасы.

Муталиева А.Ш.,^{1*} Шолпанқұлова Г.К.,¹ Калкеева К.Р.¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г. Астана, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ПРАКТИКИ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В данной статье раскрывается сущность социальной практики в подготовке будущих педагогов-психологов к профессиональной деятельности. Социальная практика – это общественно значимая деятельность, направленная на решение социальных проблем с целью развития компетенции социального взаимодействия. В процессе подготовки к профессиональной деятельности организация и содержание социальной практики студентов как будущего педагога-психолога обеспечиваются программами по видам практики в высших учебных заведениях (учебно-ознакомительная практика, психолого-педагогическая практика, педагогическая практика, производственно-педагогическая практика). В нашем исследовании определяется необходимость внедрения социальной практики, которая играет важную роль в развитии социальной компетентности будущих педагогов-психологов. Социальная практика в процессе подготовки к профессиональной деятельности самостоятельный и специфический вид практики в системе подготовки; форма неформального образования путем демонстрации социальной активности студента в образовательной деятельности вуза вне аудитории.

Каждый вид социальной практики (активистская, профессионально-ролевая, социально-проектная) включает в себя компоненты: цель, задачи, содержание деятельности, развитие компетенций и результаты. Активистская социальная практика – это инициативная деятельность общественно значимого характера, предполагающая участие в социально значимых мероприятиях. Профессионально-ролевая социальная практика – это деятельность, направленная на овладение социально-профессиональной деятельностью будущих педагогов-психологов путем участия в конкретных внутренних программах данного вида социальной практики. Основная цель нашей научной статьи теоретически обосновать значение социальной практики в подготовке будущих педагогов-психологов к профессиональной деятельности. Таким образом, социальная практика рассматривается как самостоятельный вид опыта в системе подготовки будущих педагогов-психологов, как вид неформального образования, основанный на их социальной активности в социально-образовательном пространстве, в том числе в образовательной деятельности вне аудиторий вуза.

Ключевые слова: практика, педагогико-психологическая практика, социальная практика, профессиональная деятельность, профессиональная подготовка, активистская социальная практика, профессионально-ролевая социальная практика, социально-проектная практика.

Mutaliyeva A.,^{1*} Sholpankulova G.,¹ Kalkeeva K.¹
¹L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF SOCIAL PRACTICE IN PREPARING FUTURE TEACHERS-PSYCHOLOGISTS FOR PROFESSIONAL ACTIVITIES

Abstract

This article reveals the essence of social practice in the preparation of future educational psychologists for professional activity. Social practice is a socially significant activity aimed at solving social problems in order to develop the competence of social interaction. In the process of preparing for professional activity, the organization and content of students' social practice as a future teacher-psychologist are provided by programs for types of practice in higher educational institutions (educational and introductory practice, psychological and pedagogical practice, pedagogical practice, industrial and pedagogical practice). Our study identifies the need to introduce social practice, which plays an important role in the development of social competence of future educational psychologists. Social practice in the process of preparing for professional activity is an independent and specific type of practice in the training system; a form of non-formal education by demonstrating the student's social activity in the educational activities of the university outside the classroom. Each type of social practice (activist, professional role-playing, social project) includes components: purpose, objectives, content of activity, development of competencies and results. Activist social practice is an initiative activity of a socially significant nature, involving participation in socially significant events. Professional role-playing social practice is an activity aimed at mastering the socio-professional activities of future educational psychologists by participating in specific internal programs of this type of social practice. The main purpose of our scientific article is to theoretically substantiate the importance of social practice in preparing future educational psychologists for professional activity. Thus, social practice is considered as an independent type of experience in the system of training future teachers-psychologists, as a type of informal education based on their social activity in the socio-educational space, including in educational activities outside the university classrooms.

Keywords: practice, pedagogical and psychological practice, social practice, professional activity, professional training, activist social practice, professional-role social practice, social project practice.

Негізгі ережелер. Зерттеу мақаламыздың негізгі мақсаты болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызын құрамдас бөліктері тұрғысынан ашып көрсету және теориялық тұрғыдан негіздеу.

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау жүйесінде әлеуметтік практика күрделі құрылымға ие, ол әлеуметтік тәжірибенің үш түрімен (белсенді, кәсіптік-рөлдік, әлеуметтік-жоба) қалыптасады.

Сондықтан әлеуметтік практика болашақ педагог-психологтарды даярлау жүйесіндегі тәжірибенің дербес түрі ретінде, олардың әлеуметтік-білім беру кеңістігіндегі әлеуметтік белсенділігіне

негізделген бейресми білім беру түрі ретінде де (соның ішінде жоғары оқу орындарының аудиториядан тыс оқу іс-әрекетінде) қарастырылады.

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызы ашып көрсету мақсатында таңдап алынған әдістемелер, соның ішінде Е.М. Павлютенковтың «Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау» әдістемесі; «Педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтері» сауалнамасы; «Студенттік белсенділік» сауалнамасы нәтижелеріне жасалған талдаулар ұсынылады.

Кіріспе. Бүгінгі қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар педагогикалық кадрларды даярлау мәселесіне айтарлықтай әсер етуде. «Педагогтың кәсіби стандартында» кәсіби педагогикалық қызметтің әлеуметтік құрамдас бөлігі көрініс тапқан. Онда «білім беру мәселелерін шешуде басқа педагогтермен және мамандармен ынтымақтастық қарым-қатынас жасай білуі немесе конструктивті әрекеттесе алуы тиіс», – деп көрсетілген. Бұл нормативтік құжатта болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетіне, міндеттері мен құзыреттеріне, сонымен қатар жеке тұлғасына да талаптар тұжырымдалады [1].

Сондықтан білім беру кеңістігінің субъектілерімен әлеуметтік қарым-қатынас орнатуға бағытталған педагог-психологтардың функциялары ерекше мәнге ие болады. Кәсіби іс-әрекетінің жаңа функцияларын табысты орындауы үшін болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерін дамыту және әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігін қалыптастыру қажет.

Осыған байланысты болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызын айқындаудың өзектілігі артады.

Әлеуметтік практика «нақты тарихи субъект қоғамдық институттарды, ұйымдар мен мекемелерді пайдалана отырып, қоғамдық қатынастар жүйесіне әсер ететін, қоғамды өзгертетін және өзін-өзі дамытатын тәжірибе түрі» ретінде анықталады.

Жалпы философияда «әлеуметтік практика» түсінігі жеке қарастырылмайды, ол «әлеуметтік» және «практика» деген екі философиялық категориядан тұрады. Практика (грек тілінен аударғанда әрекетті, белсенді деген мағынаны білдіреді) табиғи және әлеуметтік объектілердің дамуы мен түрленуін қамтитын және оның дамуының әмбебап негізін, қозғаушы күшін құрайтын материалдық, сезімдік-объективті, мақсат қоятын адам әрекеті, адам қоғамы және білім [2, б.522].

Қазіргі заманғы философиялық сөздікте практика «адам болмысының табиғи және әлеуметтік жағдайларын белсенді түрде дамыту мен өзгертуге, сондай-ақ оның өмір сүру мүмкіндіктерін жетілдіру мен дамытуға арналған нақты объективті әрекет»; ойлаудың белгілі бір әрекеті, сайып келгенде, өзін тану арқылы дүниені жасайтын «абсолюттік идеяның» ғарыштық қызметі; іргелі философиялық категория ретінде, ақиқаттың критерийі ретінде деп анықталады [2, б. 453].

Сондықтан практика адамзат тәжірибесімен жай ғана сәйкестендірілмейді, бірақ, ең алдымен, мұндай әрекеттің белсенді, түрлендіруші сипатына баса назар аударады.

«Әлеуметтік» ұғымын жалпы түрде адамның өзара әрекеттесуімен анықталатын шындық аймағы немесе саласы ретінде анықтауға болады. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, оның бірнеше негізгі мағынасы бар, көбінесе, әлеуметтік қоғамдық ұғым синонимі ретінде қарастырылады, яғни, бірлескен іс-әрекет тәсілі немесе адамдар арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру тәсілі. Әлеуметтік табиғатты зерттеу әлеуметтік философияның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

«Әлеуметтік практика» ұғымы педагогикаға әлеуметтік ғылымынан енген, оның мәні мен сипаттамасын анықтаудың көптеген тәсілдері бар: бірқатар ғалымдар (М.Вебер, Т.Парсонс және т.б.) әлеуметтік практиканы әлеуметтік әрекет ретінде зерттеген, әлеуметтік танымның пәні ретінде әлеуметтік әрекет категориясын қолданып, сол арқылы әлеуметтік әрекеттер жиынтығы ретінде әлеуметтік практика категориясының дамуын түсіндіреді. П.Бурдье практиканы «әлеуметтік агенттің өзі жасайтын және оның әлеуметтік әлемде кездесетінінің бәрі, агент өндіретін әлеуметтік дүниедегі өзгеріс» деп анықтама береді [3, б. 347].

Э.Гидденс әлеуметтік субъектілер әрекетінің белсенді сипатына байланысты қайта өндірілетін нақты әлеуметтік практиканы зерттеуге назар аудара отырып, әлеуметтік шындықты қарастырады. Әлеуметтену барысында индивидтер әлеуметтік практиканы қайталайды, бұл оларды типтеу мен ғылыми талдауға мүмкіндік береді. Автордың ұсынған құрылымдау теориясына сәйкес әлеуметтік ғылымдардың зерттеу пәні «кеңістік пен уақытта реттелген әлеуметтік практика» болып табылады [4, б. 312].

Әлеуметтік тәжірибе үш мағынада түсіндіріледі: біріншіден, мәдени қабылданған дәстүрлі іс-әрекет әдістерінің жиынтығы, әртүрлі объектілермен жұмыс істеу дағдылары; екіншіден, әдеп-ғұрып-

тық сипаттағы ережені, мінез-құлықты сақтай отырып, «әдеттен тыс» ойлау немесе әрекет ету; үшіншіден, жеке әлеуметтік институттар.

Осыдан әлеуметтік тәжірибе «нақты тарихи субъект қоғамдық институттарды, ұйымдар мен мекемелерді пайдалана отырып, қоғамдық қатынастар жүйесіне әсер ететін, қоғамды өзгертетін және өзін-өзі дамытатын тәжірибе түрі» ретінде анықталады.

Әлеуметтік-философиялық мағынада әлеуметтік практика, ең алдымен, субъектінің осы ортада өзін жан-жақты дамыту үшін өзінің әлеуметтік ортасын өзгертуге бағытталған қызметі ретінде қарастырылады.

Зерттеуде кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесінде әлеуметтік практиканы пайдалану үлкен қызығушылық тудыруда. Ғылыми және оқу әдебиеттерін талдау педагогика ғылымында әлеуметтік практикада екі тұрғыдан тұжырымдауға мүмкіндік береді, атап айтқанда:

- практиканың түрі ретінде (яғни студенттерді дайындау тәсілі);
- аудиториядан тыс тәрбие жұмысының түрі ретінде (яғни, студенттердің қоғамдық белсенділігінің көріну формасы ретінде).

Бүгінгі таңда «әлеуметтік практика» салыстырмалы түрде жаңа педагогикалық ұғым ретінде педагогикалық ғылымдар бағытындағы кәсіби мамандарды даярлау саласында әлеуметтік практика болашақ кәсіби іс-әрекетіне қатысты әлеуметтік тәжірибені меңгерумен байланысты нақты ұйымдастыру формасын білдіреді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындау үдерісінде әлеуметтік практика студенттік практиканың ерекше түрі болып табылады, оның мазмұны болашақ маманның әлеуметтік маңызды және кәсіби бағытталған қызметі болып табылады.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік қарқындылығын және оның әлеуметтік құрамдас бөлігінің өзектілігін ескере отырып, әлеуметтік практиканы студенттерді кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындау құралы ретінде қарастырылады. Бұл үдерістің табысты болуы үшін, біріншіден, студенттердің әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар іс-әрекеттердің мазмұнын құрылымдау керек, екіншіден, әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыруға тікелей көзқарасты анықтау қажет.

Материалдар мен әдістер. Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесінде студенттерді кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындау мәселесін әртүрлі әдіснамалық тәсілдер тұрғысынан қарастырған ғалымдар еңбектері зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде алынады:

- іс-әрекет тұғыры (О.С. Анисимов, Е.И. Исаев, В.И. Слободчиков, А.Р. Ерментаева және т.б.);
- гуманистік тұғыр (В.П. Зинченко, В.А. Сластенин, Е.Н. Шиянов, А.А. Бейсенбаева және т.б.);
- тұлғалық-бағдарлық тұғыр (М.И. Мищенко, В.В. Сериков, С.В. Кульневич, Н.Н. Хан және т.б.);
- мәдени тұғыр (Е.В. Бондаревская, Г.И. Гайсина, және т.б.);
- контекстік тұғыр (А.А. Вербицкий және т.б.);
- акмеологиялық тұғыр (К.А.Абульханова-Славская, А.А.Деркач, Н.В.Кузьмина, А.А.Реан, А.К. Маркова, Б.А. Тұрғынбаева, Г.Ж.Менлібекова және т.б.);
- құзыреттілік тұғыр (Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, А.П.Тряпыцина және т.б.).

Практиканы студенттерді педагогтың кәсіби іс-әрекетіне дайындаудың бір түрі ретінде қарастырған ғылыми зерттеу жұмыстарына (О.А. Абдуллина, В.П. Горленко, Г.М. Коджаспирова және т.б.) талдау жасалды.

Практика болашақ мамандарды даярлаудың белгілі бір түрі ретінде XVIII ғасырдың 70-жылдарында пайда болды. Педагогикалық практика XX ғасырдың басына қарай неғұрлым толық түрде дамыды.

Бүгінде әлеуметтік практиканың мәнін түсіндіруде екі әдіснамалық көзқарас қалыптасқан:

Бірінші көзқарасты ұстанушылар (В.И. Добренко, А.И. Кравченко, т.б.) әлеуметтік институт салыстырмалы түрде тұрақты әлеуметтік практиканың түрі мен формасы, оның көмегімен қоғамдық өмір ұйымдастырылады, қоғамды әлеуметтік ұйымдастыру шеңберінде байланыстар мен қатынастардың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі деп есептейді. Осыдан, әлеуметтік практика әлеуметтік институтқа қарағанда бірінші кезектегі болып табылады.

Екінші көзқарасты жақтаушылар (Н.Л. Антонова, Т.И. Заславская, М.А. Шабанова және т.б.) әлеуметтік практиканы қоғамдық институттардың қызмет ету формасы деп санайды. Осыдан әлеуметтік практика қоғамдық институттардың қызмет етуінің нақты формасын, ал әрбір институтты жүзеге асырудың жалпы нысаны әлеуметтік практикалардың жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар

элеуметтік институттар элеуметтік практикамен мазмұнды формасымен немесе құбылыстың мәнімен байланыстырады. Институт өзінің формаларына қарағанда терең болса, ал практика форма ретінде нақты болады.

Н.Л. Антонова «элеуметтік практика жеке адамдардың, топтардың, қауымдастықтардың, ұйымдардың элеуметтік институттардың тұрақты қызметін қамтамасыз ететін уақыт пен кеңістіктегі әрекеттер мен өзара әрекетестіктің жиынтығы ретінде пайда болады»,– деп атап көрсетеді [5, б. 92].

Ю.М. Резник элеуметтік практикаға неғұрлым толық және нақты анықтама береді: «адамның өз көзқарастарына (ниеттеріне) сәйкес өзінің элеуметтік ортасының (өмірінің) сапасын, элеуметтік капитал мен басқа ресурстарды өзгертуге бағытталған қызметі» [13, б.9].

В.А. Передерий студент жастардың тұлғасын зерттей отырып, элеуметтік практиканы тұлғаның өзін-өзі көрсету, өзін-өзі бекіту және өзін-өзі жүзеге асыру тәсілі ретінде анықтайды. Бұл мағынада элеуметтік практика жеке тұлғаның жұмыс істеуіне және элеуметтік сапаны жақсартуға көмектесетін мақсатты әрекеттерге арналған дағдылардың реттелген жиынтығы деп түсіндіріледі [7, б. 24].

Г.В. Никитина бойынша элеуметтік практиканың құрылымы келесі компоненттерден тұрады: белсенділік – элеуметтік және білім беру ұйымдары өткізетін элеуметтік маңызы бар іс-шараларға (қоғамдық ұйымдармен, волонтерлік қозғалыстармен элеуметтік өзара әрекеттесу) қатысу тәжірибесін жинақтауы; кәсіби-рөлдік – педагогтың әртүрлі элеуметтік және кәсіби рөлдерін меңгеруі, студенттерді педагогикалық бағыттағы кәсіптік-рөлдік іс-әрекетке қосу; элеуметтік жобалау – элеуметтік серіктестермен элеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін меңгеруі, элеуметтік жобаларды әзірлеуі, іске асыруы және қорғауы [8, б. 11].

Е.М. Павлютенков мамандық таңдаудың келесі мотивтерін анықтайды:

– элеуметтік мотивтер (өз еңбегі арқылы элеуметтік прогреске үлес қосуға, қоғамда лайықты орын алуға ұмтылу); моральдық мотивтер (адамдарға пайда алып келуге, оларға көмектесуге ұмтылу);

– этикалық мотивтер (сұлулыққа, үйлесімділікке ұмтылу, сұлулыққа байланысты мамандық бойынша жұмыс істеуге ұмтылу);

– танымдық мотивтер (арнайы білімді меңгеруге ұмтылумен, кәсіби қызметтің мәнін түсінумен байланысты);

– шығармашылық мотивтер (түпнұсқалық, қайталанбас болу мүмкіндігі);

– жұмыс мазмұнымен байланысты мотивтер (білім арқылы делдалдық жұмыс элементтерінің ерекше белгілерінің жиынтығына қатысты, олардың шоғырлануын сипаттайтын);

– материалдық мотивтер (жақсы ақы төленетін жұмысқа, жеңілдіктерге ие болуға ұмтылу);

– беделді мотивтер (қоғамдағы беделді орынға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ұмтылыстар тез көтерілуді қамтамасыз ететін кәсіпті, қоғамда бағаланатын кәсіпті таңдау);

– утилитарлық мотивтер (қалада жұмыс істеу мүмкіндігі, «таза жұмыс», үйге жақын болу, университетке түсудің жеңілдігі, жұмыс істеу, достар мен таныстардың кеңестері мен мысалдары) [9, б.97].

Эксперименттік жұмыс барысында келесі міндеттер қойылды:

– қазіргі қоғам жағдайында студенттердің педагог-психолог мамандығын таңдау ерекшеліктерін анықтау; кәсіби педагогикалық және психологиялық іс-әрекетке мотивациясының тұрақтылығы мен динамикасын анықтау;

– студенттердің педагогикалық және психологиялық іс-әрекетке құндылық-мотивациялық қатынасы мен олардың кәсіби дайындығының сапасы арасындағы байланысты талдау.

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы элеуметтік практиканың маңызы студенттердің кәсіби іс-әрекетке дайындығының мотивациялық және құзыреттілік құрамдас бөліктері тұрғысынан зерттелінді.

Мұнда болашақ педагог-психологтардың элеуметтік-тұлғалық даму өлшеміне:

– кәсіби іс-әрекетінің мотивтері, кәсіби маңызды элеуметтік сапа-қасиеттері мен тұлғалық қабілеттері;

– элеуметтік белсенділік пен бейімделу қабілетін көрсету дәрежесі;

– студенттер жүзеге асырған элеуметтік акциялар мен жобалардың саны жатқызылады.

Сонымен қатар болашақ педагог-психолог ретінде студенттердің кәсіби өлшеміне:

– кәсіби іс-әрекетке дайындығының құзіреттілік құрамдас бөлігіне бағытталған және кәсіби қызмет саласындағы кәсіби міндеттерді шешу қабілеті;

– студенттердің университеттің оқу және аудиториядан тыс іс-шараларына қатысу дәрежесі (оқытушылар тобы, волонтерлік ұйымдар, жобалар, студенттік өзін-өзі басқару және т.б.) жатқызылады.

Сондықтан болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызы келесі мүмкіндіктерді қамтиды:

– болашақ кәсіби іс-әрекетінің әлеуметтік маңыздылығын сезіну, топта жұмыс істей білу (алқалық қызметке дайындық), қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесу;

– практика алаңдарында (әлеуметтік және білім беру саласындағы ұйымдары) әлеуметтік-кәсіптік сипаттағы қызметті жүзеге асыру, кеңесші, ұйымдастырушы, тәлімгер, тьютор, агент, фасилитатор, модератор рөлінде немесе позициясында әрекет ете білу;

– әлеуметтік серіктестерді іздеу, серіктестермен тиімді коммуникацияларды жүзеге асыру, іскерлік деңгейде келіссөздер жүргізу (жазбаша корреспонденция, ауызша сөйлеу көпшілік алдында сөз сөйлеу қабілеті);

– қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды қолдану;

– топта жұмыс істеу дағдысы, жетекші (ұйымдастырушы), орындаушы позицияларында әрекет ете білу дағдысының қалыптасу және даму.

Болашақ педагог-психологтардың әлеуметтік және тұлғалық даму өлшемдері төмендегі диагностикалық әдістемелерді қолдану арқылы анықталады:

– «Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау» әдістемесі (Е.М.Павлютенков);


– «Педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтері» сауалнамасы;

– «Студенттік белсенділік» сауалнамасы (студент өткізетін әлеуметтік іс-шаралар немесе акциялар мен жобалардың саны, университеттің оқу және аудиториядан тыс іс-шараларына қатысу дәрежесі).

Зерттеуімізге Л.Н.Гумилев университетінің 6В01103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-4 курс студенттері қатыстырылды.

Жалпы саны – 151, оның ішінде 1 курста – 67 студент, 2-курста – 48 студент, 3 курста – 25 студент, 4 курста – 11 студент.

1-4 курс студенттеріне Е.М. Павлютенковтың «Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау» әдістемесін қолдану олардың педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтерін анықтауға мүмкіндік береді. Суретте көрсетілгендей, 1-2 курс студенттерінің көпшілігі үшін материалдық және утилитарлық мотивтер басымды рөл атқарады, бұл мотивтер сыртқы болып табылады, өйткені студенттердің кәсіби іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесі туралы білімінің жеткіліксіздігін көрсетеді. 3-4 курс студенттері танымдық, әлеуметтік және беделді мотивтерге басымдылық береді, өйткені студенттердің арнайы білімді меңгеруге, кәсіби қызметтің мәнін түсінуге, өз еңбегі арқылы әлеуметтік прогреске үлес қосуға, қоғамда лайықты орын алуға, қоғамдағы беделді орынға қол жеткізуге ұмтылыстары қоғамда бағаланатын кәсіпті таңдағанын жете ұғынуын көрсетеді (1- сурет).



Сурет 1 – Е.М. Павлютенковтың «Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау» әдістемесінің көрсеткіштері

Осы әдістемені қолдана отырып, болашақ педагог-психологтардың кәсіби педагогикалық-психологиялық іс-әрекетке мотивация деңгейін анықтау мақсатында «Педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтері» сауалнамасы құрастырылды.

Осы сауалнаманың нәтижесін көрсету үшін жалпы қатысқан 151 студенттердің ішінде 78 студенті (1-4 курс) бақылау тобына (БТ), ал 73 студенті (2-3 курс) эксперимент тобына (ЭТ) жатқызылды. Мамандық таңдаудың ықтимал мотивтерінің тізімінен студенттерге мамандық таңдаудың 3 мотивін (ең маңызды, маңыздысы және қосымшасы) таңдау ұсынылды. Сауалнамада студенттер педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтерін ранжирлеуде «өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, өзіңе педагог немесе психолог ретінде қарау, өзінді түсінуге талпыну» мен «педагогикалық және психологиялық жоғары білімді алу», «отбасы дәстүрі», «достардың кеңесі, ата-аналардың ұсыныстары», «педагогикалық және психологиялық қабілеттерін жете ұғынуы» алдыңғы қатарға қоятыны байқалады.

Төмендегі 1-кестеде көрсетілгендей, нәтижелердің сандық талдауы 1-4 курс студенттері арасында педагог-психолог мамандығын таңдаудың ең маңызды мотивтері бақылау тобындағы студенттердің 37% «адамдарға көмектесуге, пайдалы болуға ұмтылу», 12% «өзін-өзі түсінуге ұмтылу», 9% «пәндер педагог-психолог мамандығына қызығушылық», «педагог-психолог мамандығы өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді», ал эксперимент тобындағы студенттердің 26% «педагог-психолог мамандығы менің қабілетім мен бейімділігіме сәйкес келеді», 23% «психолог мамандығына қызығушылық» және 18% «адамдарға көмектесуге, пайдалы болуға ұмтылу» деп көрсетеді. Мамандық таңдауының маңызды мотивтеріне бақылау тобындағы студенттердің 22% «психолог мамандығы менің қабілетім мен бейімділігіме сәйкес келеді» десе, 12% әрбір пән «жоғары білімді, мәдениетті адам болуға ұмтылу», «адамдарға көмектесуге ұмтылу, пайдалы болу», «психолог мамандығы өзін-өзі жүзеге асыруды дамытуға мүмкіндік береді» және эксперимент тобы студенттерінің 12% «адамдарға қызығушылық, адамдармен қарым-қатынасқа ұмтылу», 29% «адамдарға көмектесуге деген ұмтылыс», пайдалы болу», «психолог мамандығы менің қабілетім мен бейімділігіме сәйкес келеді», «өзін-өзі түсінуге деген ұмтылыс», «психолог мамандығына қызығушылық» (1-кесте).

Кесте 1 – «Педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтері» сауалнамасының нәтижесі


№	Мамандықты таңдау мотивтері	Маңызы бойынша ранжирлеу	
		Бақылау тобы (БТ)	Эксперименттік топ (ЭТ)
1	Педагогикалық және психологиялық жоғары білімді алу тілегі	2	1
2	Жоғарғы білімді тегін алу мүмкіндігі	12	12
3	Достардың кеңесі, ата-аналардың ұсыныстары	3	6
4	Педагог мамандығының беделі, педагог мәртебесі және т.б.	7	10
5	Балалармен жұмыс істеуге құштарлық, балаларға сүйіспеншілік	11	9
6	Мемлекеттік салада жұмыс істеуге ұмтылу	6	5
7	Педагог және психолог мамандықтарына деген қызығушылық, ол туралы білуі	8	7
8	Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, өзіңе педагог немесе психолог ретінде қарау, өзінді түсінуге талпыну	1	4
9	Материалдық қамтамасыз етуді қалау, тартымды жалақы	10	8
10	Педагогикалық және психологиялық қабілеттерін жете ұғынуы	5	3
11	Отбасы дәстүрі	4	2
12	Кездейсоқ жағдайлар (адамдарға көмектесуге, пайдалы болуға ұмтылу)	9	11

Екі топтағы студенттердің мамандық таңдаудағы қосымша мотивтердің ішінен «психолог мамандығы беделді, қоғамда құнды», «фильм көру, әдебиет оқу әсері» деп белгілейді. Айырмашылықтарды статистикалық түрде растау үшін Фишердің түрлендіру әдісі қолданылып, келесі нәтижелер алынды: статистикалық маңыздылық аймағындағы маңызды мотивтердің ішінде: «адамдарға көмектесуге, пайдалы болуға ұмтылу» ($p \leq 0,01$), бұл мотив бақылау тобы студенттері арасында жиі кездеседі, эксперименттік топ студенттері арасында «кәсібі педагог-психолог менің қабілетім мен бейімділігіме сәйкес келеді» ($p \leq 0,001$) жиі кездеседі. Алынған мәліметтерді салыстыру нәтижесі ұсынылады (2-кесте, 2-сурет).

Кесте 2 – Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке мотивация деңгейін диагностикалау нәтижелері

Деңгейлер	Бақылау тобы (БТ)		Эксперимент тобы (ЭТ)	
	Адам саны	%	Адам саны	%
Жоғары	16	20,7	17	21,8
Орташа	20	25,5	13	23,1
Төмен	42	53,9	43	55,1
Барлығы	78	100	73	100

Педагог-психолог мамандығын таңдау мотивтері бақылау және эксперимент топтарының студенттері арасында бірдей, бірақ бұл мотивтердің маңыздылығы әртүрлі деп қорытынды жасауға болады. Мамандық таңдау мотивтерін саралау нәтижелері бақылау және эксперименттік топтағы студенттердің педагог-психолог мамандығына жеткілікті бағдарланбағанын бағалауға мүмкіндік береді.



Сурет 2 – Кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке мотивация деңгейін диагностикалау нәтижелерінің диаграммасы

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызын зерттеу барысында студент өткізетін әлеуметтік іс-шаралар немесе акциялар мен жобалардың саны, университеттің оқу және аудиториядан тыс іс-шараларына қатысу дәрежесін анықтау мақсатында «Студенттік белсенділік» сауалнамасы ұсынылады, ол төмендегі сұрақтарды қамтиды:

- Соңғы үш жылда қоғамдық жұмыстар мен жобаларға қатыстыңыз ба?
 - иә;
 - жоқ.
- Әлеуметтік жобалар мен акцияларға қатысқан болсаңыз, рөліңізді көрсетіңіз:
 - жетекші (ұйымдастырушы);
 - орындаушы (қатысушы).
- Университеттің оқу және оқудан тыс шараларына қаншалықты жиі қатысасыз?
 - жиі (әрбір оқиғада дерлік);
 - кейде (семестрде бір рет);

в) сирек (барлық оқу кезеңінде 1 – 2 рет);

г) ешқашан.

4. Университетте өзіңіз қатысқан тәрбиелік іс-шаралар қандай бағытта жүргізілгенін көрсетіңіз?

1. Демалыс, шығармашылық, спорт:

а) шығармашылық топтар мен студиялар (хореография, вокал, театр және т.б.);

б) студенттердің шығармашылық байқаулары;

в) спорт секциялары мен клубтары;

2. Интеллектуалдық іс-әрекет:

а) олимпиадалар мен интеллектуалдық жарыстар;

б) интеллект клубы;

в) студенттік ғылыми қоғамдар мен зертханалар;

г) конференциялар;

д) жас ғалымдар кеңесі.

3. Әлеуметтік жобалық іс-шаралар:

а) университет, жастар саясаты комитеті базасында әлеуметтік жобаларды құру және жүзеге асыру;

б) әлеуметтік жобалар конкурстары (университет, қалалық, облыстық және т.б.);

в) өз нұсқаңызды ұсыныңыз -----

Осы сауалнамаға бақылау тобындағы (БТ) 78 студенттің (1-4 курс), эксперимент топтағы (ЭТ) 73 студенті (2-3 курс) студенттердің жауаптарына талдау жасалды.

Сауалнаманың бірінші сұрағына берген жауаптар екі топтың да студенттерінің басым бөлігі соңғы үш жылда әлеуметтік жобалар мен акцияларға қатыспағанын көрсетеді. Эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің тек 10,7%-ы (әр топтан 4 студенттен, барлығы 8 студент) қатысқаны анықталды.

Сауалнаманың екінші сұрағы студенттердің әлеуметтік жобалардағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Мұнда бақылау тобындағы студенттердің ешқайсысы әлеуметтік жобаны немесе акцияларды ұйымдастырушы рөлінде болмаған (0%), 4 студент орындаушы рөлінде болған (5,2%). Эксперименттік топтағы студенттердің ішінде 1 студент (1,5%) соңғы үш жылда әлеуметтік жобалар мен акцияларды ұйымдастырушы болған, 3 студент (4,5%) орындаушы деңгейінде қатысқан.

Сауалнаманың үшінші сұрағы бойынша жауаптары студенттердің университеттің оқу және оқудан тыс іс-шараларына қаншалықты жиі қатысатынын анықтауға мүмкіндік береді. Бақылау тобындағы студенттердің 47%-ы университеттің оқу және сабақтан тыс шараларына сирек қатысады, кейде – 23%, ешқашан – 9% және жиі – 21%. Эксперименттік топтағы студенттердің 45%-ы мұндай жұмысқа сирек тартылатыны анықталды; 21% кейде қатысады, 5% ешқашан қатыспайды, 29% жиі қатысады.

Сауалнаманың төртінші сұрақтары университетте оқу және оқудан тыс жұмыстардың қандай бағыттары мен нысандары студенттер арасында ең танымал екенін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен студенттердің (бақылау тобында 82%, ал эксперименттік топтағы 92%) ең танымал сала бос уақытты өткізу, шығармашылық және спорт деп белгілесе, ал олимпиада, конференция, ғылыми форум, яғни зияткерлік іс-әрекетіне қатысты бағыттарын белгілеген студенттер саны бақылау тобында 29% болса, ал эксперименттік топта 36% құрайды. Сонымен қатар бақылау тобындағы студенттердің 15% және эксперименттік топтағы студенттердің 21% волонтерлік іс-әрекетке қатысатыны анықталады. Сонымен, «Студенттік белсенділік» сауалнамасы бойынша нәтижелері әр топтан 4 студенттен жоба немесе акция секілді іс-шараларға белсенді қатысатынын көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау. Педагогикалық оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік практика» ұғымы қолданылып, алуан типтері мен түрлері қарастырылады. Әлеуметтік практиканың типологиясы адамзат іс-әрекеті салаларының сан алуан түрлілігімен анықталады. Бірқатар еңбектерде әлеуметтік практика ұғымы әлеуметтік жобалау технологиясының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Әлеуметтік жобалау білім беру және кәсіптік мекемелердегі әлеуметтік тәрбие беру технологиясы деп түсіндіріледі, әлеуметтік дағдыларды меңгеру, тәжірибеде қолдану, сонымен қатар әлеуметтік шындықтың сыртқы емес, ішкі, жасырын мәнін білу үдерісі ретінде анықталады.

М.П.Гурьянова әлеуметтік практика әлеуметтік мәселені шешуге бағытталған қоғамдық пайдалы іс-әрекет деп анықтайды. Автор әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек әлеуметтік тәжірибелерді бөліп көрсетеді. [10, б. 97].

Н.В. Щербакова «әлеуметтік волонтерлік тәжірибе» түсінігін пайдаланады, «әлеуметтік қызметкерлерді практикалық оқытуға бағытталған, дербес практикалық тапсырмалар жүйесі түрінде ұсынылған және қолданыстағы деңгейді сапалы түрде толықтыруға арналған қызметтің инновациялық түрі деп түсіндіреді. волонтерлердің қатысуын талап ететін өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруда әлеуметтік қайырымдылық және қоғамдық ұйымдарға тегін көмек көрсету негізінде студенттерді оқыту, олардың әлеуметтік және азаматтық белсенділігін арттыру [11, б. 262].

Әлеуметтік практика студенттерге арналған практиканың жеке түрі ретінде (және оның әртүрлі атаулары жоғарыда көрсетілген) көп жағдайда болашақ педагогикалық бағыттағы мамандарды (логопедтер, әлеуметтік қызметкер және әлеуметтік педагогтар, педагог-психолог және т.б.) дайындауда қолданылатыны ескеріледі.

Осы бағытта педагогикалық мамандықтардың студенттерін дайындаудағы әлеуметтік практика университеттің білім беру кеңістігінде қызмет ететін студенттік ұйымдардың (оқытушылар ұжымдары, студиялар және т.б.) қызметімен тығыз байланысты.

Әлеуметтік практика әлеуметтік өзара әрекеттестік құзыреттілігін дамыту мақсатында әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік маңызды әрекеттер деп анықталады.

И.А. Зимняя әлеуметтік өзара әрекеттестік құзыреттілігі әлеуметтік-кәсіби іс-әрекеттегі және ынтымақтастықтағы статустық-позициялық-рөлдік қатынастарға, топтық (дәстүрлі және тұлға аралық) өзара әрекетесуді ұйымдастыруға, көшбасшының (ұйымдастырушы, басқарушы) және бағынушының рөлдік функцияларын орындау қабілетінен көрінеді [12, б. 22].

М.А. Райкина әлеуметтік практиканы жоғары оқу орындағы әлеуметтік тәрбие үдерісінің сабақтастығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру формасы ретінде қарастырады. Автор университетте студенттердің аудиториядан тыс тәрбие жұмысы аясындағы әлеуметтік практиканы атап көрсетеді: аудиториядан тыс жұмыстардың кешенді бағдарламаларын дайындау, студенттер бірлестігінің жұмысына, ғылыми семинарлар дайындау, конкурстар, конференциялар, олимпиадалар, өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру, тәрбиелік-дамыту сабақтары мен шеберлік сабақтарын өткізу, қоғамдық іс-шаралар және әртүрлі санаттағы балалар үшін әлеуметтік-педагогикалық жобаларды жүзеге асыру [13, б.28].

Б.В. Авво, И.В. Гладкая әлеуметтік практиканы мектеп оқушыларын әлеуметтендіру міндетіне байланысты педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби даярлау формасы ретінде қарастырады. Негізінен әлеуметтік тәжірибе университет студенттерінің әлеуметтік тәжірибені меңгерумен байланысты белгілі бір ұйымдық форманы білдіреді. Бүгінгі күні кәсіби мектеп кадрларын, оның ішінде болашақ мұғалімдерді даярлауда әлеуметтік тәжірибе жиі қолданылады [14].

Сонымен, ғылыми және оқу әдебиеттерін талдау педагогика ғылымындағы «әлеуметтік практика» ұғымының келесі мағыналарын анықтауға мүмкіндік берді (3-кесте).

Кесте 3 – «Әлеуметтік практика» ұғымының мағынасы

	Тұғырлары	Анықтамасы
	Іс-әрекет	қоғамдық белсенділік формасы
	Үдеріс	әлеуметтік сипаттағы әрекеттердің белгілі бір тізбегінің бірізділігін анықтайтын әрекет
	Функция	әлеуметтік құзыреттілік пен қоғамдағы нақты іс-әрекет дағдыларын игеретін оң әлеуметтік тәжірибені алуға бағытталған іс-әрекет түрі;
	Жағдаят	қоғамдық қатынастарды тудыратын жағдайлардың жиынтығы
	Форма	дайындау тәсілі

Кестеде көрсетілгендей, «іс-әрекет», «үдеріс», «функция», «жағдаят», «форма» ретінде қарастырылғанымен, ұсынылып отырған анықтамалар «адамның қоғаммен (әлеуметтік институттар мен индивидтер) әлеуметтік өзара әрекеттестігін (өзара әрекеттесуін) көрсететін әлеуметтік тәжірибенің айқын трансформациялық, әлеуметтік маңызды сипаты» ортақ белгі болып табылады.

Сонымен әлеуметтік практика тұлғаның әлеуметтік құзіреттілігін дамытуға, әлеуметтік мінез-құлықтың жеке моделін қалыптастыруға және тәжірибеде қолдануға бағытталған арнайы ұйымдастырылған оқу қызметі деп түсіндіріледі.

Әлеуметтік практиканы түсіндірудегі осы тәсілдер бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін-бірі толықтырады, сайып келгенде, бір ұғымның әртүрлі жақтарын көрсетеді.

Демек әлеуметтік практика әлеуметтік топ немесе жеке тұлғаларға қатысты қоғамдағы оң әлеуметтік тәжірибені, нақты дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін іс-әрекет түрі; белсенді азаматтық әрекеттері, адамның әлеуметтік тәжірибені алатын жағдаяты; түрлі кәсіп өкілдерімен ресми немесе бейресми қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекеті барысында туындайтын жағдайлар және олардың сыртқы әлемде өз бетінше ізденуі, нәтижесінде әлеуметтік тәжірибе жинақтауы.

Сонымен әлеуметтік практика құрылымына, бір жағынан, болашақ педагог-психологтар арасында әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігін, тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін студенттердің әлеуметтік маңызды іс-әрекетінің түрлерін қамтуы тиіс және екінші жағынан, студенттерді әлеуметтік белсенділік кәсіби педагогикалық іс-әрекетке ынталандырады.

Белсенді іс-әрекетті әлеуметтік маңызды сипаты бар және табиғаты бойынша волонтерлік қызметпен салыстыруға болатын бастамашылық әрекет деп түсіндіруге болады.

Сондықтан болашақ педагог-психологтардың бастамашылық, мінез-құлық ұтқырлығы, жауапкершілік, төзімділік сияқты кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін дамытуға әлеуметтік практика ықпал етеді.

Қорытынды. Қорыта келгенде, «әлеуметтік практика» түсінігінің мазмұны ғалымдардың жүргізіліп жатқан зерттеулері аясында нақтыланады.

Жалпы және кәсіптік білім берудегі әлеуметтік практиканың маңызы рөлдері арқылы айқындалады, ол келесі ерекшеліктермен тығыз байланысты:

– студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін (соның ішінде әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігін) қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерді дамыту;

– студенттердің кәсіби іс-әрекетке табысты әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру;

– болашақ педагог-психологтарды мектеп оқушыларын әлеуметтендіру міндетіне байланысты мәселелерді шешуге дайындау және т.б.

Зерттеу контекстімізде әлеуметтік практика түсінігі нақтылауды қажет етеді. Біздің ойымызша, әлеуметтік практика әлеуметтік өзара әрекеттестік құзыреттілігін дамыту мақсатында әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік маңызды әрекеттер. Ол кәсіптік-рөлдік іс-әрекеттер заманауи педагог-психологтың әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетін меңгеруге бағытталған іс-әрекеттер ретінде түсіндіріледі.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік қарқындылығын және оның әлеуметтік құрамдас бөлігінің өзектілігін ескере отырып, әлеуметтік практиканы студенттерді кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындау құралы ретінде қарастыруға болады. Бұл үдерістің табысты болуы үшін студенттердің әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар іс-әрекеттердің мазмұнын құрылымдау; әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыруға тікелей көзқарасты анықтау қажет.

Сондықтан болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындаудағы әлеуметтік практиканың маңызы іс-әрекет түрлері (белсенді іс-әрекеті, кәсіби-рөлдік іс-әрекеті, әлеуметтік-жобалау іс-әрекеті) арқылы ашып көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>

2. *Философский словарь / под ред. И. Т. Фролова. – 7-е изд., перераб. и доп. – М.: Республика, 2001. – 719 с.*

3. *Бурдые П. Практический смысл/Пер. с фр.: А.Т. Бикбов, К.Д.Вознесенская, С.Н. Зенкин, Н.А. Шматко. – СПб.: Алтейя, 2001. - 562с.*

4. *Гидденс Э. Устройство общества: Очерк теории структуризации. — М.: Академический проект, 2005. – 525с.*

5. *Антонова Н.Л. Социальная практика: теоретико-методологические основания исследовательского анализа//Известия Уральского государственного университета. – 2009. – № 4(70). – С. 92-97.*

6. *Резник Ю.М. Социальная теория и мир практик// Личность. Культура. Общество. – 2008. – Т. X. Вып. 2 (41). – С. 8-18.*

7. Передерий В.А. Конструирование идентичности студенческой молодежи в поле различных социальных практик: автореф. дисс. ...канд. соц. н. - Краснодар, 2009. – 24 с.
8. Никитина Г.В. Социальная практика как средство подготовки студентов к профессионально-педагогической деятельности: автореф. канд. пед. наук. – Омск, 2016. – 24с.
9. Павлютенков Е.М. Формирование мотивов выбора профессии. – Киев: Окна, – 2000. – 200 с.
10. Гурьянова М.П. Развитие социально-педагогической деятельности с детьми и семьями в пространстве места жительства. Монография. – М., 2018. –155с.
11. Щербакоева Н.В. Организация волонтерской практики студентов (социальный эксперимент) // Учёные записки ЗабГГПУ. – 2011. – №4. – С.262-269.
12. Зимняя И.А., Лаптева М.Д., Морозова Н.А. Социальные компетентности в контексте государственных образовательных стандартов и проекта TUNING // Высшее образование сегодня. – 2007. – №11. – С.22-27.
13. Райкина М.А. Педагогическое обеспечение преемственности процесса социального воспитания в вузе: автореф. дисс. канд. пед. наук. – Кострома, 2012. – 28 с.
14. Авво Б.В., Гладкая И.В. Готовность студентов педагогического вуза к решению задач социализации подростков // Письма в Эмиссия. Оффлайн. 2012. Сент. URL: -<http://www.emissia.org/offline/2012/1870.htm> [дата обращения 21.12.2012].

Reference:

1. «Pedagog» kәsiptik standartın bekitw twralı Qazaqstan Respwblıkası Oqw-aǵartw mınıstrınıñ m.a. 2022 jılǵı 15 jeltoqsandaǵı № 500 buyırǵı. Qazaqstan Respwblıkasınıñ Adilet mınıstrlıǵı 2022 jılǵı 19 jeltoqsanda № 31149 [On the approval of the professional standard "Teacher" by the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan m.a. Order No. 500 of December 15, 2022. Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan dated December 19, 2022 No. 31149] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>
2. Filosofskiy slovar' [Philosophical Dictionary]/pod red. I.T.Frolova. – 7-ye izd., pererab. i dop. – M.: Respublika, 2001. – 719 p.
3. Bourdieu P. Prakticheskiy smysl [Practical meaning]/Per. s fr.: A.T.Bikbov, K.D.Voznesenskaya, S.N.Zenkin, N.A. Shmatko.– SPb.: Aleteyya, 2001. - 562 p.
4. Giddens E. Ustroyeniye obshchestva: Ocherk teorii strukturatsii [The Structure of Society: An Essay on the Theory of Structuration.] – M.: Akademicheskii proyekt, 2005. – 525p.
5. Antonova N.L. Sotsial'naya praktika: teoretiko-metodologicheskiye osnovaniya issledovatel'skogo analiza [Social practice: theoretical and methodological foundations of research analysis] // Izvestiya Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. – 2009. – No. 4(70). – P. 92-97.
6. Reznik Yu.M. Sotsial'naya teoriya i mir praktik [Social theory and the world of practices]// Lichnost'. Kul'tura. Obshchestvo. – 2008. – T. KH. Vyp. 2 (41). – P. 8-18.
7. Perederiy V.A. Конструирование идентичности студенческой молодежи в поле различных социальных практик [Constructing the identity of student youth in the field of various social practices]: avtoref. diss. ...kand. sots. n. - Krasnodar, 2009. – 24 p.
8. Nikitina G.V. Sotsial'naya praktika kak sredstvo podgotovki studentov k professional'no-pedagogicheskoy deyatel'nosti [Social practice as a means of preparing students for professional teaching activities]: avtoref. kand. ped. nauk. – Omsk, 2016. – 24p.
9. Pavlyutenkov E.M. Formirovaniye motivov vybora professii [Formation of motives for choosing a profession]. – Kiyev: Okna, - 2000. - 200 p.
10. Guryanova M.P. Razvitiye sotsial'no-pedagogicheskoy deyatel'nosti s det'mi i sem'yami v prostranstve mesta zhitel'stva [Development of social and pedagogical activities with children and families in the space of residence]. Monografiya. – M., 2018. -155 p.
11. Shcherbakova N.V. Organizatsiya volonterskoy praktiki studentov (sotsial'nyy eksperiment) [Organization of volunteer practice for students (social experiment)] // Uchonyye zapiski ZabGGPU. – 2011. – №4. – P.262-269.
12. Zimnyaya I.A., Lapteva M.D., Morozova N.A. Sotsial'nyye kompetentnosti v kontekste gosudar-stvennykh obrazovatel'nykh standartov i proyekta TUNING [Social competencies in the context of state educational standards and the TUNING project] //Vyssheye obrazovaniye segodnya.- 2007. - No. 11. - P.22-27.
13. Raikina M.A. Pedagogicheskoye obespecheniye preyemstvennosti protsesssa sotsial'nogo vospitaniya v vuze: [Pedagogical provision of continuity of the process of social education at a university]: avtoref. diss. kand. ped. nauk. – Kostroma, 2012. – 28 p.

14. Avvo B.V., Gladkaya I.V. Gotovnost' studentov pedagogicheskogo vuza k resheniyu zadach sotsializatsii podrostkov [Readiness of students of a pedagogical university to solve problems of socialization of adolescents] // Pis'ma v Emissiya. Offlayn. 2012. URL: <http://www.emissia.org/offline/2012/1870.htm> [data obrashcheniya 21.12.2012].

IRSTI 14.35.09.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.012>

Berkinbaeva G.¹, Bayeshov A.², Childibaev J.¹, Abdimutalip N.^{3*}

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²D.V. Sokolskiy Institute of Fuel, Catalysis Electrochemistry" JSC, Almaty, Kazakhstan

³Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF A TYPICAL MODEL FOR THE DEVELOPMENT OF ECOLOGICAL CULTURE OF STUDENTS (on the example, Ile-Alatau National Park)

Abstract

In this article, the problem of ecological culture of the student is considered, the educational-methodical model of its formation, consisting of content-target, operational-active and evaluation-effective blocks, is developed and presented. In the course of the study, the typical model of the Ile-Alatau National Park "Ekosokpak" was characterized, the creation of which is aimed at the development of regional systems of ecological culture in addition to students in the field of tourism and education. The model was developed on the basis of the principles of the ecosystem approach in education with the aim of involving students in research and project activities on the ground, the development of emotional activity in the region and the launch of drivers of its development. The purpose of creating a model is an attempt to form the ecological culture of students and raise its level by creating a model of an ecological educational project in the conditions of sustainable development of modern society, forming value attitudes and revealing the concept of "man-nature". This model is a program that includes practical classes, excursions, classes with an ecological and aesthetic orientation, scientific research activities. Thus, the obtained results allow us to conclude that the implementation of the environmental culture and educational project in the course of the activities of the students "Ekosokpak" will allow to solve the problem of the formation of the environmental culture of the personality of the student in the educational space of the university. The typical model developed by us from these positions includes content, target, operational and evaluation-productive components aimed at the formation of the student's ecological culture.

Keywords: typical model, ecological culture, educational process, method, approach, technology, natural park

Г.О. Беркинбаева,¹ Ә.Б. Баешов,² Ж.Б. Чилдибаев,¹ Н.Ә. Әбдімүтәліп^{3*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Д.В.Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты
Алматы қ., Қазақстан

³Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ҮЛГІЛІК МОДЕЛІН ЖАСАУ (Іле Алатауы Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің мысалында)

Аңдатпа

Бұл мақалада студенттің экологиялық мәдениетінің мәселелері қарастырылып, оны қалыптастырудың мазмұндық-мақсатты, операциялық-әрекеттік және бағалау-тиімді блоктардан тұратын оқу-әдістемелік моделі әзірленіп, ұсынылды. Зерттеу барысында «Экосокпак» Іле Алатау Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің типтік моделінің сипаттамасы берілген, оны құру туризм және білім